



# Maghan zhuldizi

6+

Магжан Жұмбабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 6 (856) 13 ақпан 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi

https://vk.com/Magzhan zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПРЕЗИДЕНТ

## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ЕШКІМГЕ ЖАЛТАҚТАМАЙ, ӨЗ САЯСАТЫМЫЗДЫ ЖҮРГІЗЕМІЗ

Биыл Дубайда өткен дүбірлі доғада Қазақстан атынан 12 команда қатысқан. Ішкі істер министрлігінің «Сұңқар» және «Томирис» командалары халықаралық жарыстың күміс жүлдегері атанды. Ал Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Арыстан» командасы төртінші орынға ие болды. Мемлекеттік күзет қызметі мен Қорғаныс министрлігінің командалары да шеберліктің үздік үлгісін көрсетті.

Мемлекет басшысы жеңімпаздарды құттықтап, бұл табыс тиянақты дайындық пен қажырлы еңбектің нәтижесі екенін атап өтті.

«Елдің атын ер шығарар» деген. Сайыпқыран сарбаздарымыз көк туымызды асқақ желбіретті. Төрткүл дүние жауынгерлеріміздің мықтылығына куә болды. Біз сіздерді мақтан тұтамыз. Осындай жеңісті сәттер барша халқымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтереді. Ел қорғаны мықты болса, Қазақстанның өңесі әрдайым биік болмақ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымыздың өрлік дәстүрі тереңде жатқанына назар аударды.

– Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеміз. Бұл – бостандық пен әділдік ұғымдарын ту етіп, майданда жанқиярлықпен шайқасқан, тылда еңбек еткен барша қазақстандықтарға көрсетілген құрмет. Батырларымыздың теңдессіз ерлігін ұрпақ жадында сақтау – парызымыз. Бүгінде сіздер жауынгер халықтың ұрпағы ретінде Отан алдындағы қасиетті парызды терең түсініп, адал қызмет етіп жүрісіздер. Бөріңіз де еліміздегі бейбіт өмірді сақтау үшін табанды еңбек етіп келесіздер. Сіздерді заң мен тәртіп сақшысы деуге толық негіз бар. Заң мен тәртіп – әділетті өрі қауіпсіз мемлекеттің өзегі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел тыныштығын күзеткен арнаулы қызметтер мен күштік құрылымдардың атқарған істеріне тоқталды, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.



Қасым-Жомарт Тоқаев ел тыныштығын күзеткен арнаулы қызметтер мен күштік құрылымдардың атқарған істеріне тоқталды.

– Былтыр Ұлттық қауіпсіздік комитеті заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін жиырмадан астам жедел жауынгерлік іс-шара өткізді. Екі террорлық актінің жолын кесіп,

қаскөйлерге тосқауыл қойды. Ұлттық ұлан жасақтары төтенше жағдайлардың салдары жоюға белсене атсалысты. Ішкі істер министрлігінің құрылымдары ауқымды жұмыс атқарып жатыр. Өткен жылы есірткі өндіретін 64 орын жабылды. 22 мың тонна есірткі тәркіленді. Есірткінің жарнамалаған 7,5 мың сайт бұғатталды. Екі миллиард теңгеден

астам қаржыны шетелге шығармақ болған алаяқтардың жолы кесілді. Соңғы үш жылда 8 мыңға жуық түрлі қару-жарақ табылды. Мұндай мысалдар өте көп. Арнаулы қызмет қатарындағы мыңдаған сарбаз мемлекеттің егемендігі мен азаматтардың қауіпсіздігін қорғап жүр. Жауынгерлерміз қашанда Отан алдындағы антты адал, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір кейбір мемлекеттер, тіпті алпауыт елдер сыртқы және ішкі саясатындағы ұстанымдарын қайта қарап жатқанын мысалға алып, Қазақстан дәстүрлі өрі заманауи құндылықтарды тең ұстайтын прагматизмге өлдеқашан бет бұрғанын жеткізді.

– Заң мен тәртіп үстемдігін орнату маңызды екенін әрдайым айтып жүрміз. Уақыт біздің ұстанымдарымыз бен стратегиялық бағдарымыздың дұрыс екенін көрсетті. Сондықтан біз алдағы уақытта да ұлттық мүддемізді қорғап, елімізге лайықты бірегей жолмен жүреміз. Жалпыұлттық құндылықтарымызды дәріптейміз. Ешкімге жалтақтамай, өз саясатымызды жүргіземіз. Өйткені біздің мақсатымыз – айқын. Бұл – қуатты және өркендеген Қазақстанды құру, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорытындылай келе, офицерлердің қызметіне сәттілік тіледі және оларды мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Жыында ҚР Ішкі істер министрлігінің «Сұңқар» командасының мүшесі, полиция аға лейтенанты Ермекқали Шоқаев, Ішкі істер министрлігі «Томирис» командасының капитаны, полиция майоры Айнағұл Байжігітова және ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің капитаны, «Сардар А» командасының мүшесі Мерлан Ұлтанбаев сөз сөйледі.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## ҚҚС: НАҚТЫ МӨЛШЕРЛЕМЕ ЕНГІЗІЛЕДІ

Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуде салық реформасын кәсіпкерлермен, депутаттармен және сарапшылармен бірге талқылауды тапсырған еді. 11 ақпан күні Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында күн тәртібінен тыс Салық реформасы мәселесі қаралды. Сонымен қатар отырыста көктемгі дала жұмыстарына дайындық мәселелері талқыланды. Оған қоса отырыста агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру ісі сөз болды.

шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Энергетика министрі Алмасадом Сәтқалиев, сондай-ақ бірқатар өнердің өкілдері баяндады.

Биыл 23,8 млн гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланп жатыр. Данды және бұршақ дақылдардың егістік алқаптары шамамен 16,6 млн гектарды құрайды. Майлы дақылдардың ауданы 365 мың гектарға артып, 3,3 млн гектарға жетеді, оның ішінде күнбағыс дақылдары 50,6 мың гектарға өсіп, 1,3 млн гектар болады. Сондай-ақ картоп алқабын 14,9 мың гектарға ұлғайтып, аумақты 136,8 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланды. Ал қарақұмық дақылдары 41,5 мың гектарға артып, 147 мың гектарды құрайды. Биыл қант қызылшасының ауданы 18,4 мың гектар болады. Жемшөл дақылдарының ауданы 184 мың гектарға ұлғайып, 3,4 млн гектарға жетеді. Мақта дақылдары 135,2 мың гектарды, ал күріш – 90,2 мың гектарды құрайды.

Көктемгі дала жұмыстарын ЖЖМ қамтамасыз ету үшін (МӨЗ-де өндіріс көлемін ескере отырып) 401 мың тонна дизель отыны бөлінді. Дизель отынын тиел жөнелту бойынша МӨЗ-ге оңдастарды бекіту кестесі бекітілді, сондай-ақ межелі стансаға дейін литрине 232 теңге мөлшерінде баға белгіленді. Операторлардың шығындарын ескере, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін дизель отынының түпкілікті құны литрине 254 теңгені құрайды. Бұл жанармай құю стансаларында литрине 295-300 теңгені құрайтын нарықтық бағадан 13-15%-ға төмен.

Биыл өгіншілік саласын қаржыландыру көлемі 700 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Лизингке жұмсалатын қаражат 200 млрд теңгеге жеткізілді. Сондай-ақ жеңілдікпен

400 мың тоннадан астам дизель отыны бөлінді. Олжас Бектенов бұл шаралардың барлығы өгіс науқанын ойдағыдай өткізуге бағытталғанын айтты. Бұл ретте ол бөлінген қаражаттың дұрыс жұмсалыуы өкімдіктердің тұрақты бақылауында болуға тиіс екенін ескертті.

Елімізде тыңайтқыш өнгізу жоспары ғылыми негізделген норманың тек 59%-ын, ал ауыл шаруашылығы техникасының техникалық дайындығы – 75%-ды құрайды. Олжас Бектенов жаппай егін егу жұмыстары басталғанға дейін бұл көрсеткішті 100%-ға дейін жеткізуі қажет екенін айтып, министрліктер мен өкімдіктерге бірқатар тапсырма берді.

Қазір Ауыл шаруашылығы министрлігінің балансында 4 ақпараттық жүйе бар. Бұл ауыл шаруашылық жануарларын сәйкестендіру (АЖС); «E-Agriculture» АӨК салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі (ББАЖ); Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі (СМАЖ); «Ауыл аманаты» халыққа несие берудің ақпараттық жүйесі. Өсімдік шаруашылығы қадағалаудың ақпараттық жүйесі әзірленіп жатыр.

Премьер-министр Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында АӨК-ті цифрландыру міндетін қойғанын атап өтті. Осыған байланысты Үкімет ауыл шаруашылығының барлық салаларына «ақылды» технология элементтерін енгізуге ерекше басымдық беріп отыр. Нақты мақсат-міндеттер мен негізгі бағыттар айқындалды.

Цифрлық құралдарды қолдану арқылы қажетті қаражат мөлшері, есеп беру, өгіс алқабы, мал басы туралы деректердің нақтылығын қамтамасыз еткен жөн. Премьер-министр цифрландыру мемлекеттік қолдау шараларының ашықтығы мен тиім-

ділігін арттыруға ықпал етуге тиіс екеніне тоқталды.

Тағы бір маңызды мәселе мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін сәйкестендіру жүйесі болып саналады. Өнімді шыққан жерінен соңғы тұтынушыға дейін жеткізудің ашық тізбегін құру қажет. Бұл жүйе өндірілген өнімді есепке алуға, оның саласына кепілдік беруге, биологиялық және ветеринарлық қауіпсіздікті бақылауға бағытталуға тиіс.

Үкімет басшысы климаттық тәуекелдерді, өнімділік көлемін және азық-түліктің нарықтық бағасын болжау үшін цифрлық шешімдер мен жасанды интеллекттіңі кеңінен қолдану қажеттігіне тоқталды.

«Бүгінде мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, тұрақтандыру қорлары мен қоймалардағы астық пен өнім қорларын есепке алу, топырақтың ылғалдылығын анықтау және ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша статистикалық деректердің нақтылығы өзекті проблема күйінде қалып отыр. Осы мәселелердің бәрін есепке алу жүйесін толық цифрландыру арқылы шешу керек», деді О.Бектенов.

Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы және Цифрлық даму министрлігіне бірқатар тапсырма берді. Өңір өкімдіктерімен бірлесіп, осы жылдың соңына дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің цифрлық картасын әзірлеу керек. Өкімдіктермен биыл 1 қыркүйекке дейін өсімдік шаруашылығындағы қадағалау жүйесін әзірлеуді аяқтау қажет. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу жоспарланп отыр. Санақ қорытындысының нәтижелерін толық цифрландыру, оған талдау жүргізу және алынған деректер базасын үнемі жаңартып отыру пәзім.

Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Сәрік Жұманғалин атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, өкімшілендіруді жеңілдету үшін нақты мөлшерлеме құрылымы (16%, 10%, 0% және босату) енгізіледі. ҚҚС мөлшерлемесін 16%-ға дейін арттыру ұсынылып отыр. Бұл бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін азайтып, қосымша қаражатты басым жобаларға бағыттауға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін ҚҚС төлеуден босату енгізіледі. Бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Денсаулық сақтау саласына да 10% төмендетілген мөлшерлеме ұсынылып отыр, бірақ оны басқа салаларға да кеңейту мүмкіндігін талқылауып жатыр.

Сонымен қатар ҚҚС бойынша есепке қою шегі 80 млн теңгеден 15 млн теңгеге дейін төмендетілді. Бұл бизнесті жасанды белшектенуімен күресуге және барлық компанияға тең жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бөлшек салық режімі қайта қаралып жатыр. Жұмысшылар саны бойынша шектеулер алынып тасталады, ал іске асыру В2С сегментімен шектеледі. Салық түсімдерінің күтілетін өсу көлемі – жыл сайын 4-5 трлн теңге. Бұл Ұлттық қорға тәуелділікті және мемлекеттік қарызды азайтуға, инфрақұрылым мен өнеркәсіпке қаражат бөлуге көмектеседі. Бүкілмал инфляциялық өсер қысқарымазды болады және 2,5-3% деңгейінде бағаланады.

Ұсынылған тәсілдер «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы және бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесуде талқыланды. «Жалпы ұсыныстарды қолдаймыз. Осы аптада өңірлерге барып, халық арасында өгжей-тегжейлі талқылау жүргізу керек. Мен де Астанадағы және өңірлердегі бизнес өкілдерімен талқылаулар өткіземін. Осы жұмыстардың нәтижесінде 20 ақпанға дейін Салық кодексінің жобасы мен ілеспе заң жобасына түзетулерді Мәжіліске енгізу керек. Өрі қарай Мәжілісте талқылауды жалғастырамыз», деді Премьер-министр.

Үкімет отырысында көктемгі дала жұмыстарына дайындық мәселелері қаралды. Қазіргі жағдай туралы Ауыл

# ҚӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Жынды Рахат Назымбекұлы ашып, Таман ауылдық округінің әкімі Гүлнар Хасенқызын туған күнімен құттықтаудан басталды. Көп жылғы адал еңбегі, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін және құрметті зейнет демалысына шығуына байланысты аудан әкімі туған күн иесіне Құрмет грамотасы мен гүл шоқтарын табыс етті.

Сондай-ақ бұл күні «Қазақтөлеком» Акционерлік қоғамы аудандық филиалының басшысы Әділбек Бөлегеновке де туған күніне арналған құттықтаулар мен ізгі тілектер айтылды.

Содан кейін аудан әкімі СҚО ПД бастығының бұйрығымен жаңадан тағайындалған аудандық полиция бөлімі бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі Жандос Фабдрашитовты және аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Ерлан Шәкіровты таныстырды. Рахат Смағұлов полиция қызметкерлерін тағайындауымен құттықтап, оларға табысты және жемісті жұмыс тіледі.

Аппараттық кеңес аясында төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық туралы Ауданның төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Асқар Исмағұлов хабарлады.

Аудан аумағы қауіпті табиғи құбылыс – көктемгі су тасқынының әсеріне ұшырауы мүмкін, су тасқыны өзінің күші, аймақты қамту аумағы және келтірілген залал бойынша басқа қауіпті құбылыстардан асып түседі. Ауданда 13 елді мекенді су басу қаупі бар. 2024 жылғы су тасқыны кезеңінде тұрғын үйлерде судың көтерілу

11 ақпан күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшылары қатысты.

жағдайлары және жеке секторды су басу қаупі болды. Бөлімнің қызметі халықты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен алдын алуға және тиімді қорғауға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және практикалық шаралар кешенін іске асыруға бағытталған.

Су тасқыны қаупіне жедел дене қою мақсатында аудандық бюджет қаражатынан 2025 жылғы төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға «006» бағдарламасы бойынша 6 млн. теңге бөлінді, тек аудан орталығынан қар шығаруға 10 млн. теңге бөлінді. Сонымен бірге, төтенше резервке - 10 млн. теңге қарастырылған.

Ауданда 18 эвакуациялық пункт бар, жалпы олардың сыйымдылығы - 410 адам. Жануарларды эвакуациялау орындары шаруашылық жүргізуші субъектілердің аумақтарын анықтады. Жалпы 43 бірлік су айдау техникасы бар. Қож, құм, қиыршық тас сияқты инертті материалдар жиналуда.

ТЖ бөлімінің қызметкерлері жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп су тасқыны кезеңіндегі тәртіп ережелері туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мақсатында су басуға бейім елді мекендерді аралауды ұйымдастырды.

2024 жылдың жазғы-күзгі кезеңінде 2025 жылдың су тасқыны кезеңіне дайындық бойынша инженерлік жұмыстар жоспарына сәйкес 5 іс-шара енгізілді: Молодоардәйкеске ауылында ұзындығы 1500 метр және биіктігі 2 метр қорғаныс дуалын тұрғызу, По-

лудино ауылында ұзындығы 200 метр және биіктігі 2 метр қорғаныс дуалын тұрғызу, Полудино ауылында ұзындығы 2000 метр су бұру арызын тазарту, тереңдету және кеңейту, Қарақоға ауылында көлемі 5000 текше метр шұңқыр және оған ұзындығы 200 метр су бұру арнасын құру. Надежда ауылында көлемі 3000 текше метр шұңқыр жасау. Барлық іс-шаралар толық көлемде орындалды.

Алғашқы мәселені талқылағаннан кейін аудан әкімі су тасқыны кезінде тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының апатсыз жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды.

Апат болған жағдайда тіршілікті қамтамасыз етуді қалпына келтіру жөнінде шұғыл шаралар қабылдау қажет. Мектептер мен балабақшаларда мекемелердің шатырларынан қар мен мұзды тазарту бойынша шаралар қабылдау, одан әрі еріген суды бұру бойынша жұмыстар жүргізілсін. Инженерлік және жол-құрылыс техникасының, авариялық-құтқару қызметінің дайындығы қамтамасыз етілсін. Су тасқыны әсеріне ұшыраған автомобиль жолдары ұчаскелері мен су өткізу құрылыстарының бұзылуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау қажет. Республикалық, облыстық, аудандық және кентішілік жолдарда су өткізу құбырларын қардан, балшықтан, бұталардан және өсімдіктерден уақтылы ашу, тазарту жүргізілсін. Су басуға бейім елді мекендерге тексеру жүргізіліп, ауылдық округтердің су тасқыны кезеңіне дайындығы

тексерілсін. Ауылдық округтердің әкімдеріне және Булаев қаласы әкімінің аппаратына елді мекендерде тұратын тұрғындар үшін су тасқыны кезінде азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құру тапсырылды. Еріген су басуға бейім жер деңгейінен төмен тұрғын үйлерді есепке алуды тапсырамын.

Су тасқыны кезеңі басталғанға дейін елді мекендердің айналасында топырақты қаралау, қар ұстау жүргізілсін. Көшелерден, көсіпорындар мен ұйымдардың аумақтарынан елді мекендерден тыс жерлерге қарды уақтылы шығаруды, су өткізу құбырларын тазалау қамтамасыз етілсін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Кеңестің күн тәртібінде келесі сұрақ аудандағы орындаушылық тәртіп туралы мәселеге арналды. Аудан әкімі аппаратының басшысы Абай Қазисов 2024 жылдың 4 тоқсанына және ағымдағы жылдың екіншіяны аппараттық кеңестердің хаттамалық тапсырмаларына жауаптардың қысқаша талдауына тоқталды. Баяндаушы орындаушылық тәртіптің әлсіздігін, сондай-ақ хаттамалық тапсырмаларды орындау мерзімдерін бұзу фактілерін атап өтті.

Қорытындылай келе, Рахат Смағұлов барлық жоспарланған іс-шаралар бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде орындалуы және кеңінен жариялануы тиіс екенін атап өтті.

Аудан әкімі аппарат басшысының бағдамасы негізінде бөлім басшыларына қатысты қызметтік тергеу жүргізу, хаттамалық тапсырмалардың орындалуын жүйелі түрде бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселесін қарастырды тапсырды.

## АЛҚА ОТЫРЫСЫ

# ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ - МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

Кеңес барысында жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақытжан Ысқақованың ауданда халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау туралы 2024 жылғы есебі және 2025 жылға арналған жоспарлары тыңдалды.

Баяндаушының айтуынша, аудан бойынша халық саны 26346 адамды құрайды. Экономикалық белсенді халық саны - 15393 адам. Жұмыссыз халықтың барлығы 166 адам, оның ішінде жұмыссыз ретінде тіркелгендер саны - 110 адам. 2024 жылы 665 жаңа жұмыс орны құрылса, квота бойынша 6 адам жұмысқа орналастырылған. - Ауданда 2024 жылға арналған жұмыс орындарын құрудың өңірлік картасы бекітіліп, 134 жұмыс орнын құрумен Ұлттық жоба шараларынан болатын. 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша іс жүзінде 196 жұмыс орны құрылды, оның ішінде тұрақты жұмыс орындары - 32, уақытша жұмыс орындары - 164. 2024 жылы жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына 8 әлеуметтік төлем бойынша 32577,0 мың теңге сомасында әлеуметтік көмек көрсетілді. 2025 жылға арналған жоспар 40798,0 мың теңгені құрайды, - деді Бақытжан Нұрмұқанқызы.

Содан кейін 2024 жылы халықты жұмыспен қамту бойынша қабылданған шаралар және 2025 жылға арналған жоспарлар туралы Мансап орталығының директоры Динара Мұхамеджанова сөз сөйледі. Оның апараты бойынша, 2024 жылғы жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша қысқарғандық кәсіптік оқытуға жоспарланған 17 адамның орнына 30 адам бағытталған, 25 адам оқуды аяқтап, барлығы жұмысқа орналастырылған.

Жаңа бизнес-идеяларды қолдауға 29,5 млн. теңге сомасында гранттық

Өткен сейсенбі күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен кезекті алқа отырысы өтіп, ол халықты әлеуметтік қорғау мәселелеріне арналды.



қаражат берілді, бұл ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өз ісін ашуға мүмкіндік берді. 21 грант алушының 18-і жобаларды сәтті жүзеге асырған. Жалпы жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 355 жұмыссыз қамтылды. Ағымдағы жылы қысқарғандық курстарға 20 адамды бағыттау жоспарлануда. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 36,2 млн. теңге бөлінді. 23 адамға арналған. Биылғы жылы көшіру бағдарламасы бойынша 71 отбасын қабылдау жоспарда бар. Жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 232 адамды қамту жоспарланып отыр, - деді Динара Мұхамеджанова.

Сондай-ақ, кеңейтілген отырыста отбасының цифрлық картасы бойынша Қарақоға ауылдық округінің әкімі Жанболат Мұқашев, белсенді жұмыспен қамту шаралары бойынша Аққайың ауылдық округінің ассистенті Наталья Грауверг баяндама жасап, ауылдық округте атқарылған жұмыстары туралы ақпарат ұсынды.

Жұмыспен қамтуға тарту, халықтың табысын ұлғайту шараларының бірі «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша тауарлық кредиттер мен несиелер беру болып табылады. Осы бағдарламаны түсіндіру мақсатында ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысының орынбасары Қайнолла Смагов сөз алып, бағдарлама туралы жан-жақты тоқталды.

Жынды қорытындылай келе, аудан әкімі Рахат Смағұлов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолымен Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік мәселелерге, әсіресе, балаларды қорғауға үлкен көңіл бөліп келе жатқанын ерекше атап өтті. - Ұлттық қордан балаларға төлемдер қарастыратын заң қабылданды. Көмелетке толмағандарды құмар ойындарға тартқаны үшін өкімшілік жауапкершілік енгізілді. Көмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың көз келген түрі үшін жаза күшейтілді. Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өйелдер мен балаларға қатысты қылмыстардың алдын

алу және жолын кесу мәселелері жөніндегі заң күшіне енді.

Ағымдағы жылы аудандық бюджет есебінен жергілікті бюджет-тен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің, техникалық персоналдың лауазымдық айлықақыларына 50% мөлшерінде ынталандырушы үстемеақылар белгіленді және оған қоса базалық лауазымдық айлықақыға түзету коэффициенті 29%-ға қолданылуда, нәтижесінде шарттық негізде жұмыс істейтін ауданымыздың тұрғындары жалақының 79%-ға өсуін сезінеді, - деді Рахат Назымбекұлы.

Аудан әкімінің басты индикаторларының бірі - отбасының цифрлық картасына сәйкес «Д» және «Е» санаттарындағы халық санының азаюы болып табылады. Сондықтан «Д» және «Е» санаттарынан неғұрлым қолайлы санаттарға шығару үшін ауылдық округтер мен Булаев қаласының әкімдері жұмысқа орналастыру, жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тарту, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыруы қажет.

Содан кейін аудан әкімі жазғы кезеңде жастарды жұмыспен қамтуға тоқталды. Оның айтуынша, 2024 жылы «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 14-35 жас аралығындағы 132 адам жұмысқа орналастырылды, олар «Таза Қазақстан» бағдарламасына белсенді қатысып, ауданның елді мекендерін абаттандыруға белсене қатысты. Биыл 150 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда.

Алқа отырысын қорытындылай келе, Рахат Смағұлов ауылдық округ әкімдеріне, жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша ауыл жастарын жұмысқа орналастыру мәселесін пысықтауды тапсырды.

## БЕРІК АСЫЛОВ: «ӘРБІР БАЛА ҚАУІПСІЗ ОРТАДА ӨСУІ ТИІС»

2023 жылдан бастап Бас прокуратураның бастамасымен еліміздің барлық өңірлерінде балалардың құқықтарын қорғауға, зорлық-зомбылық фактілерін анықтауға және уақтылы көмек көрсетуге бағытталған екі жоба – «URPAQ» және «Бақытты және Қауіпсіз Балалық Шақ» жүзеге асырылуда.

Прокурорлар қауіп-қатер аймағындағы 63 мың отбасыны аралады

«Бақытты және Қауіпсіз Балалық Шақ» жобасы аясында прокурорлар балаларға қатысты қауіп немесе зорлық-зомбылық фактілерін анықтау үшін 63 мыңнан астам отбасына барды.

Жұмыс нәтижелері:

• Қамқоршыларға, асырап алушыларға, ата-аналарға және басқа да тұлғаларға қатысты 93 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды;

• 11 мың ата-ана мен заңды өкілдер бала тәрбиелеу міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды;

• 342 бала аса ауыр жағдайға тап болғандықтан, қолайсыз отбасылардан мемлекет қамқорлығына алынды.

Тексерулердің нәтижесінде:

• 54 ата-ананың құқықтарын шектеу және 92 ата-ана құқығынан толық айыру туралы талап-арыздар берілді;

• 2 мыңнан астам отбасыға материалдық көмек көрсетілді (алғашқы көмек заттары, азық-түлік, оқу құралдар, көмір және басқалары);

• 1 мыңнан астам отбасыға тұрғын үй мәселесі бойынша қолдау көрсетілді;



Бас Прокурор Берік Асыллов балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында прокуратура қабылдап жатқан кешенді шаралар туралы айтты.

• 10 мың отбасыға медициналық және әлеуметтік көмек ұсынылды;

• Балаларға 4,5 млрд теңге көлемінде алимент өндіріп алынды.

«URPAQ» жобасы: Көмек дер кезінде көрсетіледі.

Бұл жоба отбасылардағы жасырын зорлық-зомбылық түрлерін анықтауға бағытталған. Ол зардап шеккендер-

ге психологиялық және заңдық қолдау көрсету бойынша кешенді көмекті қамтиды.

«Әр бала көмек әрдайым қасында екенін және ол қиындықпен жалғыз қалмайтынын білуі керек», – деді Берік Асыллов.

Жедел әрекет ету үшін келесі құралдар енгізілді:

• Балалардың құқықтарын бұзу туралы

ақпарат жинау үшін Telegram чат-боттары;  
• Мектептерде, мемлекеттік мекемелерде және қоғамдық орындарда QR-кодтар орнатылып, мәселелерін жедел хабарлауға мүмкіндік берілді.

Жоба нәтижелері:

• ШҚО-да екі буллинг фактісі тоқтатылды: 12 жастағы балаға жасалған қорлық және колледж студентіне көрсетілген қысым. Кінәлілер тәртіптің жазаға тартылып, профилактикалық жұмыс жүргізілді.

• Қорқытып ақша алу фактілері бойынша қылмыстық істер қозғалды. Мысалы, 16 жастағы студент жасөспірімдерден ақша талап етіп, оларға пышақпен қоқан-лоқы жасаған. Басқа мектепте жоғары сынып оқушылары 7-сынып оқушысынан ақша бопсалаған. Кінәлілер мектепшілік есепке алынып, ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

• Бейжай қарауға болмайтын фактілер. Қысқа уақыт ішінде оқушылар мен мұғалімдер тарапынан орын алған бұзақылық пен буллинг туралы 1 809 хабарлама түсті.

Тексеру нәтижелері бойынша:

• 192 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды;

• 1 617 адаммен профилактикалық әңгімелер мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Берік Асыллов осы жұмыстың маңыздылығын атап өтті: «Қазақстандағы әрбір бала өзін қауіпсіз сезінуі керек. Біз олардың құқықтарын қорғау және бақытты балалық шақты қамтамасыз ету үшін бар күшімізді саламыз».

### С АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

## «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕЛГЕН ҚАРАЖАТТЫ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНАН ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ



Кемелетке толмаған балалардың ата-аналары мен заңды өкілдері eGov.kz порталы мен eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында есептелген нысаналы талаптар туралы ақпаратты тексере алады. Есептелген қаражат туралы мәліметтер 31 қаңтардан бастап қолжетімді болады. Егер деректер қате көрсетілсе

немесе жаңартуды қажет етсе, бірнеше қарапайым қадам жасау жеткілікті.

2024 жылы алғаш рет Қазақстан Республикасының барлық балаларына «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында нысаналы талаптар есептелді. Ата-аналар мен заңды өкілдер есептелген қаражатты бірнеше тәсілмен тексере алады: eGov.kz электрондық үкімет порталының Жеке кабинетінде орналасқан «Цифрлық құжаттар» бөлімінде, eGov Mobile мобильді қосымшасындағы «Цифрлық құжаттар» сервисі және kids.enpf.kz сайты арқылы.

Егер қосымшада немесе порталда бала туралы деректер жоқ болса немесе қате көрсетілсе, аналандыру қажетті жоқ – бұл БЖЗҚ-да нысаналы талаптардың есептелуіне әсер етпейді. Пайдаланушы eGov Mobile қосымшасындағы «Балалар туралы мәліметтерді өзектендіру» сервисі арқылы бөлімді жаңартып, қажетті деректерді енгізе алады. Өзгерістерді енгізу

2-5 жұмыс күнін алады.

**Жиі қойылатын сұрақтар:**  
**Балалар туралы деректердегі қателерді қалай түзетуге болады?**

- Егер бала туралы мәліметтер қате көрсетілсе, тиісті цифрлық құжатты ашып, жоғарғы оң жақтағы үш нүктені басу керек. «Қате туралы хабарлау» батырмасын таңдап, «Балалар туралы мәліметтерді өзектендіру» сервисіндегі форманы толтыру қажет. Сондай-ақ, туу туралы куәлікті тіркеп, өтінім жіберу керек. Сұрау 2-5 жұмыс күні ішінде қаралады.

**Тұралы қордан есептелген қаражат туралы ақпаратты алу үшін бала туралы деректерді қалай қосуға болады?**

- Егер қосымшада бала туралы ақпарат жоқ болса, бұл нысаналы талаптардың есептелуіне әсер етпейді. Деректерді қосу үшін «Цифрлық құжаттар» бөліміне өтіп, «Отбасы» бөлімін таңдау қажет. «Баланы

қосу» батырмасын басып, форманы толтырып, туу туралы куәлікті тіркеу керек. Өтінім 2-5 жұмыс күні ішінде қаралады.

**eGov.kz порталындағы жеке кабинеттен балалар туралы мәліметтер жоюлы кетсе, не істеу керек?**

- Ақтуалды мәліметтерді алу үшін eGov Mobile мобильді қосымшасын пайдалану ұсынылады. Қосымшада өзекті ақпарат көрсетіледі.

Функционал Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті, «Ұлттық Ақпараттық технологиялар» АҚ және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен Байланыс басқармасы.**

### С ТҮРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ

## 18 ЖАСТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТТЫ ОТБАСЫ БӘКІНДЕГІ САЛЫМДАРҒА АУДАРУДА

Бүгін қазақстандық барлық балалардың БЖЗҚ-ы шоттарына Ұлттық қордан 2024 жылдың аударымдары түсті. 2025 жылы бір балаға 3,04 АҚШ доллары көлемінде инвестициялық табыс және 129,38 АҚШ доллары көлемінде мақсатты талаптар сомасы аударылды.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылы бір балаға 100,52 АҚШ доллары түскен болатын. Осылайша 2 жылда бір баланың БЖЗҚ-ғы жинақ шотында барлығы 232,94 АҚШ доллар жинақталды.

Аударымдарды eGov mobile мобильді қосымшаларында, екінші деңгейлі банктерде, сондай-ақ <https://kids.enpf.kz/cipitemesine> өтіп, БЖЗҚ сайтында тексеруге болады.

18 жасқа толған қазақстандықтар Ұлттық қордан алынған жинақ ақшаны бірден пайдалана алады. Билл олардың жоғары сома алатын мүмкіндіктері бар, өйткені оларға 2024 және 2025 жылдары қос аударым жүргізілді.

18 жастағы қазақстандықтардың бұл қаражатты екі мақсатта: тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім алу ақысын төлеуге жұмсай алады. Өтінімдер Отбасы банктің («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) enpf-otbasy.kz платформасының көмегімен онлайн түрде беріледі.

Өткен жылы enpf-otbasy.kz платформасы арқылы 4,3 млрд теңге сомасына 43 91 өтінім мақұлданды. Нәтижесінде, үкілетті операторлардың бірі ретінде Отбасы банк арқылы Қазақстан бойынша жалпы өтінімдердің 82% - ы өткізілді. Яғни ақша жас қазақстандықтардың ағымдағы шоттарына аударылып, рұқсат етілген мақсаттарға пайдаланылды.

Оның жартысынан көбі немесе 24 051 адам бұл қаражатпен Отбасы банктегі

депозиттерін толықтырды. Тағы 7 299 адам ақшаны оқу ақысын төлеуге бағыттады. Сондай-ақ, Ұлттық қордан түскен қаржы көмегімен 418 адам «Ақыл» білім салымдарын толықтырды.

2024 жылы шоттарына 100,52 АҚШ доллары аударылған жас қазақстандықтардың дені өз жинақтарын әлі пайдалану үлгермеді. Бұл қаражат олардың БЖЗҚ-дағы шоттарында сақталады. Заң бойынша оларға инвестициялық табыс есептелмейді, себебі азаматтар оны кез келген уақытта ала-алады. Егер бұл қаражат 10 жылдың ішінде пайдаланылмаса, онда жинақ ақша Ұлттық банктің аударым күні белгіленген теңге курсы бойынша меншік иесінің БЖЗҚ-ы жеке зейнетақы шотына ерікті жарна түрінде аударылады.

Егер азаматтарымызда оқу ақысын төлеу қажеттілігі болмаса, онда Ұлттық қордан түскен қаражатты Отбасы банктегі депозитке аударуға болады.

**Отбасы банк депозитінің артықшылығы неде?**

- жинақ ақшасы аз болса да, ол салымшы үшін пайда әкеліп отырады. Оған банктің 2% мөлшеріндегі сыйақысы және мемлекеттің 20% мөлшеріндегі сыйлықақысы (200 АЕК-тен аспайтын сомаға) есептеледі. Депозит бойынша ЖТСМ - жылдық 14%-ға дейін (мемлекеттік сыйлықақыны ескере отырып).

- депозиттің болуы жас салымшыға ең аз шығынмен өз үйін сатып алуға және ата-а-



насынан бөлек тұруға көмектеседі. Жинақ шотын тұрақты жинақтау арқылы еліміздегі ең төменгі мөлшерлемелер бойынша – жылдық 3,5%-дан (ЖТСМ 3,6%-дан 4,4%-ға дейін) жылдық 5%-ға дейін (ЖТСМ 5,1%-дан 6,9%-ға дейін) заем алуға болады.

- бастапқы жарнасы мен сыйақы мөлшерлемесі төмендетілген Банктің мемлекеттік және меншікті бағдарламаларына, оның ішінде «Наурыз» бағдарламасына қатысу мүмкіндігі артады.

- жинақтаудың ерте басталуы жинақтаудың қажетті деңгейіне тезірек жетуге және кредит бойынша мөлшерлемеге әсер ететін бағалау көрсеткішін арттыруға мүмкіндік береді, бағалау көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, мөлшерлемесі соғұрлым төмен болады, ай сайынғы төлем мен артық төлем аз болады.

- салымшы қаражатты өзіне ыңғайлы тәсілмен жинай алады: ай сайынғы жарналар, біржолғы толықтырулар немесе ата-анасынан түсетін түсімдер, жалақы немесе стипендиялар арқылы.

- Отбасы банктің депозиттері мемлекет тарапынан сақтандырылған, бұл қаражаттың сақталуына және талаптардың тұрақтылығына сенімділік береді.

- тұрақты жинақтар кірісті растаусыз кредит алуға мүмкіндік береді.

**Enpf-otbasy.kz платформасын пайдаланып, Ұлттық қордан қаражатты қалай аударуға болады?**

- Платформаға электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып кіруге болады.

- Содан кейін ағымдағы шот ашу керек.

- Егер Ұлттық қор - балаларға жобасының қатысушысы Отбасы банктің клиенті болса, онда ағымдағы шот платформадан ашылады.

- Егер жобаға қатысушы осы уақытқа дейін Банктің клиенті болмаса, онда ағымдағы шотты Отбасы банктің мобильді қосымшасы арқылы ашуға болады. Ол үшін App store/Play market дүкенінен «Otbasyny bank» мобильді қосымшасын жүктеп алу қажет. Сондай-ақ Баспапа маркет порталында (otbasynybank.kz), Банк бөлімшелерінде, консультанттардың көмегімен немесе Банктің hcsbk.kz сайтына өтіп, бейне қоңырау арқылы шот ашуға болады.

Содан кейін enpf-otbasy.kz платформасындағы Жеке кабинетте БЖЗҚ-дан қаражат алуға сұрау салу және мақсатты таңдау қажет. БЖЗҚ қаражат ағымдағы шотқа түскен кезде клиент қаражатты мақсатты пайдаланатынын растайтын құжаттарын қоса беруі қажет. Банк өтінімді, салынған құжаттарды тексереді және оң шешім қабылданған жағдайда қаражатты нысаналы мақсаты бойынша аударды.

Толық нұсқаулық мына жерде: [https://www.youtube.com/watch?v=BIFU\\_IP8C\\_w](https://www.youtube.com/watch?v=BIFU_IP8C_w)

**Наталья КУТЛИНА, «Отбасы банк» АҚ басқару хатшысы.**

15 АҚПАН - КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНЫСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ



## 15 АҚПАН - АУҒАН СОҒЫСЫ АЯҚТАЛҒАН КҮН

1989 жылдың 15 ақпаны - өте маңызды күн болып есептеледі. Өйткені Ауғаныстан соғысы – тарихтың ең қайғылы беттерінің бірі. Қаншама отбасына қасірет әкелген отты соғыстың жарасы әлі күнге дейін жазылған жоқ. Қазақстаннан Ауған соғысына 22000 адам қатысып, олардың 761-і қаза тапты. 21 адам хабарсыз кетті. Бүгінгі таңда Қазақ елінде 10000-ға жуық ауған ардагерлері бар. Олардың 3000-дайы мүгедектер қатарында. Біздің ауданнан Ауғаныстанға 84 адам аттанды. Сол сұрапыл соғыстан жеті жерлесіміз оралмады, атап айтқанда, ол Владимир Ишханов, Александр Орлов, Николай Сусол, Дмитрий Лешенко, Александр Бунковский, Анатолий Гертер, Валерий Миллер. Ауған жерінде ерліктің үлгісін көрсеткен жауынгер жерлестер қашанда құрметке ие. Олардың қайтпас қайсарлықтары мен халқына деген адал көңілдері біздің жадымызда жаңғыратын болады. Осы соғыста Отан алдындағы борышын өтеу жолында қауіп-қатерге бас тігіп, өз өмірлерін қиған боздақ бауырларымыздың өшпес ерлігі жас ұрпақтың санасында мәңгі қалады. Отан алдындағы парызын адал атқарған аға ұрпақтың ерлігін жастар ерқашан үлгі етеді.

Ауған соғысының қанды қырғынынан аман-есен оралғанымен, жандары жаралы қазақстандық ардагерлер қазір ортамызда жүр. Олардың дұшпан

*Биыл Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылуына 36 жыл толып отыр. Осыған орай, 15 ақпан күні жыл сайының дәстүрге сай мағжандықтар Булаев қаласының орталық алаңында Ауған соғысының қаза тапқан жауынгерлеріне арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді бір сәт үнсіздікпен еске алады.*

оғынан қаза тапқан майданса достарын соңғы сапарға шығарып салып тұрып, көздері жасқа, жүректері мұңға толған шақтары көп-ақ. Сонда да олар ата-баба рухына дақ түсірмей, елге абыроймен оралды. Майдан даласында жанқиярлық пен қаһармандығы үшін он мыңдаған қазақстандық орден - медальдармен марапатталды.

Ауған соғысының ардагерлері елімізде құрметке ие. Интернационалдық борышын абыроймен өтеп, еліне аман-есен қайтқан олар, басқалар қатарлы еңбек етіп, тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына үлестерін қосуда. Еңбекте де алдыңғы қатардан көрініп, кейінгілерге үлгі болуда. Өкінішке орай, соғыстан кейін бейбіт өмірде, соғыста алған жарақаттары менен сырқаттарының зардабынан 12 ардагер қайтыс болды. Осыдан тоғыз жыл бұрын Булаев қаласындағы орталық алаңда Ауғанстан елінде өзінің жауынгерлік борышын өтеу кезінде шайт болған 7 жауынгердің құрметіне ескерткіш орнатылған болатын. Барлық іс-шаралар осы жерде тағзым етуден басталады.

Жалпы, ауғандық ардагерлер жас ұрпақты Отансүйіштік рухта тәрбиелеуде, патриот болып өсуілеріне барынша атсалысып, мектептегі, кітапханалардағы барлық іс-шараларға белсене қатысып келеді.

Айтулы күнге орай жылда концерттік бағдарламалар, әскери-патриоттық ойындар ұйымдастырылып, интернационалист-жауынгерлермен кездесулер өткізіледі. Сондай-ақ осы кезде ардагерлер мектеппен тығыз байланыста болатынын жақсы білеміз, бұл жастардың болашақта елін қорғауға қатысып, әскери мамандық таңдауға септігін тигізетін сөзсіз. Ауданның мектеп музейлері мен кітапханаларында, аудандық тарихи-өлкетану мұражайында көрмелер ұйымдастырылып, аудандық «Мағжан жұлдызы» мен «Вести» газеттерінде ардагерлер туралы мақалалар жарияланып, оларға лайықты құрмет көрсетілетіні қуанады.

Жалпы жыл бойы мемлекет, жергілікті әкімдіктің тарапынан Ауған соғысының ардагерлері үшін жасалынып жатқан жұмыстар мен қолдауларға шынайы

алғысымызды білдіріп, ризашылығымызды айтамыз. Аудандағы әр ардагер өзінің туған жерінің гүлденуіне, жас ұрпақты лайықты тәрбиелеуге өз үлестерін қосып келе жатқанына және өлі де қоса беретініне сенімдімін.

Қорытындылай келе, бұл дата – көңілде сызы, жүректе ізі қалған ауыр да азапты жылдарды еске алар күн. Ауған соғысының қанды күндерін бастан кешіріп, ауыр аманат арқалап, өмір мен өлім белдескен қанды шайқасқа қатысып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз біздің ортамызда. Ендеше, Отан алдында берген анттарына адал болған, өздерінің батылдығы мен жанқиярлығын паш еткен ұлдарын, борыштарын мүлтіксіз атқарған, сын сағаттарда бірін-бірі бауыр дескен осындай азаматтарды құрмет тұту - әрқайсымыздың борышымыз.

Иә, ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсеткен жауынгерлер өздерінің Отан алдындағы борышын адал атқарды. Бұл қасиет – болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге болары сөзсіз. Сондықтан біз бұл соғыста Отаны үшін жанын паша еткен ерміздей жас жігіттердің өсімдерін мәңгі есте сақтап, құрметтеу, отан сүйіштіктің үлгісі ретінде насихаттау – баршаамыздың міндетіміз.

**Валерий ЕМЕЛЬЯНЦЕВ,**  
«Ауғандық-жауынгер» аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



## ШЕКАРАШЫЛАР АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

15 ақпан - Кеңес Әскерлерінің Ауғаныстан жерінен шығарылу күні қарсаңында «Аралағаш» шекара бөлімшесінің жеке құрамы Ауған соғысына қатысқан жауынгерлерге қолдау жасап, құрмет көрсетті.

Мәселен, шекара шебін қорғап жүрген шекарашылар әр жылдары Ауған соғысына қатысқан Борис Аксенов, Сергей Гантовка, Николай Карповка, Байрамгелді Пальевке, олардың отбасыларына барып, үй шаруасына көмек беріп жатыр. Ауладан қар шығару, отын ую, сарайға көмір кіргізу, қолдау ретінде азық-түлік пакеттерін тарату және басқа да қолдан

келген көмек беруге атсалысып келеді. Дәстүрге айналған мұндай акциялар жыл бойы жалғасын тауып, шекарашылар мұқтаж жандарға бағытталған қайырымдылық іс-шаралардың жанынан табылады.

**Куаныш ЕЛЕМЕС,**  
«Аралағаш» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары.

АКЦИЯ

## ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «80 ИГІ ІС»



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «80 игі іс» акциясы аясында «Баян Батыр» шекара бөлімшесінің қызметкерлері Қарақоға ауылында тұратын жалғызбасты қариялар мен мүгедек жандарға көмек қолын созып, аулаларын қардан тазартты.

Шекарашылар жыл бойы аға ұрпақ өкілдеріне көмек көрсетіп, үй аулаларын абаттандыруға атсалысып,

өртүрлі әлеуметтік жобаларға белсене қатысуда. Бұл – батырларымыздың рухына тағзым етіп, туған жеріміздің дамуына үлес қосу жолындағы маңызды бастама.

Әр игі іс – ұлы мерейтойға жасалған құрмет пен ризашылықтың көрінісі болып табылады.

**Әділхан БАУЫРЖАН,**  
«Баян Батыр» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары.

# Мағжан мен Міржақып

**АТАҚТЫ ЖЕРЛЕСІМІЗ. ҰЛЫ АҚЫН МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ҚАЗАҚТЫҢ КӨПТЕГЕН ЗИЯЛЫ АЗАМАТТАРЫМЕН ТАНЫСЫП, ДОС ЖОЛДАС БОЛҒАН. СОЛАРДЫҢ БІРІ БЕЛГІЛІ ҰСТАЗ, АҚЫН, ЖАЗУШЫ, ПУБЛИЦИСТ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ АЛАШОРДА ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ - МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ БОЛАТЫН.**

Мағжан 1905 жылдан 1910 жылдары Қызылжар қаласындағы Шалақазак медресесінде білім алады. Бұл медресені Стамбул университетінде оқып дәрiс алған, араб, парсы тілдерін емін-еркін меңгерген Мұхамеджан Бекішев ашқан еді. Медресе қаланың ортасында орналасқан болатын. Медреседе араб, парсы, түрік, татар тілдері оқытылып, түрік халықтарының тарихы да жүргізілген. Осы кезде Мағжан әдебиетпен қатты шұғылданған.

Қазақ, татар әдебиетін былай қойғанда, ол араб-парсы ақындарының: Фирдоуси, Сағадиді, Гафизі, Омар Хаям, Низамиді, Навоиді сияқты даналардың ұлы дастандарын түп-нұсқасын оқып үйренеді. Татардың ұлы ақыны Рамиевтің өлеңдері қазақ дүниесіне келуі Мағжанның жан дүниесіне үлкен әсер екеді.

Осы медреседе Мағжан шығыс әдебиетінен мол білім алған. 1909 жылы Уфа мен Петербург баспаханаларынан шыққан Абайдың өлеңдер жинағын, Ахмет Байтұрсынның «Қырық мысалын», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» оқиды. «Оян, қазақ!» кітабы үшін патша үкіметі Міржақыпты қудалайды. Міржақып жан сауғалап 1909 жылы Қызылжарға келеді.

Осы кезде алғаш рет Мағжан Міржақыппен танысады. Қызылжарда Міржақып сот кенесінде тілмаштық қызмет атқарып, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Мағжан да Міржақыптан біраз орыс тілінен дәрiс алады.

Міржақыптың ағасына жазған хатында былай дейді:  
«Осы қалаға келгелі орысша оқытып



жүрген шәкіртім Мағжан Жұмбаев сыңды ақыным бар. Оның менен жасы кіші (Міржақып -24-те, Мағжан 16-да), өте дарынды жігіт. Екеуіміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десе де болады, достасып кеттік».

Мағжан 16 мен 18 жас аралығында тамаша өлеңдер жазған болатын: «Айға», «Сорлы қазақ», «Алтын хакім Абайға», «Туған жерім Сасықкөл» т.б.

Міржақып та бұл кезде тынымсыз шығармашылықпен айналысып, «Бақытсыз Жамал» атты романын жазып бітіреді. Бұл роман 1910 жылы Қазан қаласында басылып, қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман еді. Бұл романды Ахмет Байтұрсыннов жоғары бағалаған.

1910 жылы Мағжан Уфа қаласындағы өйгілі «Ғалия» медресесіне оқуға түсіп, медресені аяқтамай елге оралады. Міржақыптың соңына патша тыңшылары түскендіктен 1911 жылдың мамыр айында Семейге аттанып кетеді. Семейде тұтқынға алынып бір жарым жыл отырады. Бұл

хабарды естіген Мағжан Міржақып ағасына арнап «Жауға түскен жанға», «Тұтқын» өлеңін арнайды.  
«Тұтқын» өлеңінде Мағжан түрмедегі тұтқынның ауыр жағдайын былай баяндайды:

Кеудеде – от, іште – жалын, көзде – жас,  
Күш-түні қайғы жұтқан сорлы бас,  
Сабаң төсек, тым қараңғы жатағы,  
Наны қара, шайы қара, қарны аш!...  
Осы жолдарды жаса отыра кейін ағасына жігер берді:  
Қайғылаба, сорлы тұтқын еш иетпес,  
Күн батқанмен таң аптайтын түн жетпес.

Ер жүректі азаматтың басына,  
Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес.  
Міржақып абақтыдан босанып шыққанда Мағжан «М.Д. абақтыдан шыққанда» атты өлең жазды. Бұл өлеңде ақынның қуанышымен бірге болашаққа деген зор сенімі берілген.

Міржақып түрмеден кейін Орынбор қаласына келіп, Ахмет Байтұрсынның

бірге 1913 жылы 2 ақпаннан бастап «Қазақ» газетін шығара бастайды.

Мағжан ағаларының ақылымен 1913 жылы Омбы қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияға оқуға түседі. 1914 жылы мамыр айында Міржақып Омбыға келіп қалыңдығы Ғайникамал Баймұратқызы Досымбековамен шаңырақ көтеру тойын жасағанда Мағжан да осы тойға қатысады.

1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін 1917 жылы сәуірдің 25-сі мен мамырдың 7-сі аралығында өткен Ақмола облыстық қазақ съезіне Мағжан Орынбордан арнайы келген Міржақыппен кездеседі.

Осы кездері жиі кездесіп, әңгімелесіп жүреді. Міржақыптың қызы Гүлнар Дулатованың айтуынша, 1926-1928 жылдары Міржақып Қызылордада қызмет атқарған кезде Мағжан ұстазының үйінде бірнеше қайтара болған.

Бұл екі достың ақырғы кездесуі болатын, 1928 жылы желтоқсанда Міржақып тұтқындалып, Мәскеудегі «Бутырка» түрмесінде екі жыл, одан он жылға солтүстіктегі Соловкиге жер аударылады.

1935 жылы Балтық каналының бойындағы Сосновце станциясында лагердің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады.

Мағжан 1929 жылы тұтқындалып, «Бутырка» түрмесіне қамалып, он жылға сотталып, Карелияға жер аударылады. 1936 жылы елге оралғанымен, 1937 жылы желтоқсанда Алматыда тұтқындалып, 1938 жылы 19 наурызда ату жазасына үкім шығарылады.

Міне, Алаштың екі азаматы да тотаритарлық жүйенің құрбаны болып, тек 1988 жылы ғана ақталып, отыз жылға арadan өткесін Мағжан мен Міржақып сөздері тіріліп, есімдері арамызға, қалың жұртына, туған еліне қайта оралды.

Алаш арыстарының шығармаларын өскелең ұрпақ асқан сүйіспеншілікпен оқиды, олардың артында қалдырған мұралары епқанша өшпей, туған елімен, халқымен бірге жасай берері анық.

**Айгүл ТЕДІКҚЫЗЫ,**  
**«Мағжан Жұмбаев музейі»**  
**филиалының директоры.**

С КИТАП - АЛТЫН ҚАЗЫНА

## КИТАПХАНАҒА ЖАҢА КИТАПТАР КЕЛІП ТҮСТІ

Қаңтар, ақпан айларында Мағжан Жұмбаев ауданының кітапханалары мемлекеттік тапсырыспен келген жаңа кітаптармен толықтырылды. Жұмбаев Шаштайұлының толық шығармалар жинағының 3 томына малшының машақатқа толы ауыр тіршілігі мен жастардың қажыр-қайратын суреттеген «Қызыл қар» және «Замана илеуі» романдары еніп отыр.

Қазақ әдебиетінің талантты өкілдерінің бірі ақын Әмірхан Балқисбектің «Қатардағы өлең» кітабына бабалар тарихына ақындық көзбен үңіліп, батыл болжамдар жасап жазған шығармалары топтастырылған. Бұл кітап ақынның әрқилы әдебиет салаларындағы жиырма жылдық шығармашылық ізденістерінің нәтижесі болып табылады.

Зейнел Жекейұлының «Намыс оты» кітабынан жұмыр жердің ең белбелді жарыстарында ұлт намысын жанын сала қорғап, даңқ тұғырына көтерілген ер спортшының қиын да қызықты жолымен таныса аласыздар. Жинақтағы екі қолы иығынан жоқ, қайсар мінезді, мұзжарғыштай жүйткіген керемет жүзгіштің тағдыры кім-кімді де тандай қақтырары даусыз. Екі көзі көрмейтін шахматшының өлем чемпионын да тұқырта жеңген ер мінезі кімге болса да керемет үлгі. Жасы жетпістің бел ортасына келсе де жұмыр жердің айтулы марафондарына желдей есіп жүлде алып жүрген қарияның қайратына қайран қаласың. Жинақтағы әр кейіпкер тағдыры оқырманды бей-жай қалдырмасы анық. Кітап бүгінгі жас ұрпаққа арналған.

Сонымен қатар қазақстандық жазушы, аудармашы Герольд Бельгердің орыс тілінде жазылған 2 томдық таңдамалы шығармалары келіп түсті. Шығармаларда Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев, Бақжожа Мұқай, Әбдімәліл Нұрпейісов жайлы жазған естеліктері топтастырылған.

Мемлекеттік тапсырыспен кітапхана-

Адам баласы үшін өмірде екі нәрсе қастерлі әрі қажет. Олар – нан мен кітап. Нанды қалай құрметтесек, кітап та соншалықты құрметке лайық. Нан – руздық, несібе, дастарханымыздың көркі, өмірдің берекесі болса, кітап – өткенімізді баяндайтын тарих, бүгінгімізді көрсететін айна, өртенгі күнімізді айтып беретін мұғжима. Кітап – адамның кенешшісі, өмір сапарындағы серігі. Өзінді –өзін тану үшін кітап керек, өзгені де тану үшін кітап керек. Бүгінгі күні кітапханалардың міндеті – жастарға тәрбие беру арқылы әдебиеттерді насихаттау.



ларымызға біршама балалар әдебиеті де келіп түсті.

Белгілі жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Ғажайып шақ» атты кітабына мектеп оқушыларының тыныс-тіршілігін арқау еткен шағын хикаяттар мен әңгімелер

еніп отыр. Жинақтағы туындылар жеткіншектер мен жасөспірімдердің әлемді ересектерше тануға тырысып, болашаққа жоспар құрулары жөнінде әңгімелейді. Жолтай Жұмат-Әлмашұлының «Бала өмірінің хика-

ялары» кітабына жаңа туындыларымен қатар «Балдырған» журналының жабық бөйгесінде жүлделі болған «Ала торғай», «Ауру мен дөрігер», «Тақия төбе» ертегілері де беріліп отыр. Төкен Әлжантегінің «Базарлық», Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Тілеуғазы Бейсембектің «Ақылды піл», Бердалы Рысбектің «Ізгілік туралы ертегі» кітаптары жас оқырмандарын ұлтымыздың салт-дәстүрін, ауыл және қала тұрмысын, туған табиғатты танып білуге деген құштарлығын оятуға көмегін тигізеді деп ойлаймыз.

Ертай Айғалиұлының балалар мен жасөспірімдерге арналған «Алтын қаланың құпиясы» атты кітабында Желтоқсан көтерілісі қаһармандарының отбасының тағдыры, Тәуелсіздік үшін күресте жандарын пиде еткен ата-бабаларымыздың ерліктері туралы баяндайды. Еркек Сахариевтің «Балдауренді бала шақ», Дәнеш Ахметұлының «Үкілі домбыра», Маркиза Базарбайқызының «Батыр –елдің жүрегі» кітаптарының қайсысын алып қарасақта бала жанына әсер ететін ізгілік, адами қасиеттер, кішіпейілділік пен сыйластық секілді өміршен жайттарды кездестіруге болады.

Кітапханамызда жас-көріге бірдей қажет көркем дүниелер аз емес. Құрметті оқырмандар, Сіздер үшін кітапхана есігі ашық, жаңа кітаптар Сіздерді күтуде.

**Жанар ӘБІЛМӘЖІНОВА,**  
**ОКЖ жинақтау бөлімінің**  
**кітапханашысы.**

САҒАНА ҚОҒАМ

## ЕНДІ ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫ САТУШЫЛАРДЫ КІМ ЖАУАПҚА ТАРТА АЛАДЫ?

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды (2025 жылғы 13 наурыздан бастап күшіне енеді), оның ішінде өзгерістер Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 190-1 бабы – «Қазақстан Республикасының зергерлік бұйымдарды сату жөніндегі заңнамасының талаптарын бұзу бойынша әкімшілік бұзушылық туралы істерді қарауға қатысты болды және басқа да бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар».

Қазақстан Республикасы Сауда және

интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің аумақтық департаменттері «Бағалы металдар және асыл тастар туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 444-V Заңына сәйкес зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Зандардың талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамаалық таңбасы, сондай-ақ зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру субъектісі өзінің барлық зергерлік және басқа да бұйымдарына қоятын атаулы белгінің бедерінсіз сатуға жол берілмейді.

Бағалы металдардан және асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамаалық таңбасы, сондай-ақ олар өндірген зергерлік және бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған басқа да бұйымдарды өндіру субъектісі өздері өндірген зергерлік және бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған басқа да бұйымдарға қойған атаулы белгінің бедерінсіз өткізу түрінде жасалған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы Кодексінің 190-1 бабында Қазақстан «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» түрінде әкімшілік жауапкершілік қарастырылған: Жеке тұлғаларға – елу

(196 600 теңге), лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен (314 560 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жүз (393 200 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне-жүз елу айлық есептік көрсеткіш (589 800 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады).

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде бұзушылық қайталанған кезде айыппұлдар өседі.

Егер Сіз зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамаалық таңбасыз, сондай-ақ атаулы белгінің бедерінсіз сату фактілеріне тап болсаңыз, онда Сіз «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-не жүгіне аласыз. Бұдан мекен жайымы: Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 56 үй. Тел.: 8 (715 2) 52-74-97, e-mail: gosnadzor\_sko@mail.ru.

## ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ САТЫП АЛУ

Техникалық реттеу саласындағы бақылау сатып алуы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік-фитосанитариялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімді қоспағанда, оған қатысты техникалық регламенттер қолданысқа енгізілген өнімді айналысқа шығару сатысында жүргізіледі.

Бақылау сатып алу бақылау және қадағалау субъектісінің объектілерінде және алдын ала ескертусіз жүргізіледі. Бақылау сатып алуы жүзеге асыруға және

Бақылау сатып алу - бұл техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтау болып табылатын мемлекеттік бақылау түрлерінің бірі.

сатып алынған өнімді сынақтан өткізуге байланысты шығыстар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Өнімдердің (тауарлардың) үлгілерін сынау нәтижелері бойынша өмірге, адам денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау және

қадағалау органы техникалық реттеу саласындағы заңнамада және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген тәртіптен өнімге тыйым салу түріндегі шешім қабылдауға құқылы.

Егер Сіз Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді сату фактілеріне тап болсаңыз, «Техникалық реттеу және метрология комитетінің

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ, Петропавл қ., Ульянов к-сі, 56, тел.: 52-74-97, e-mail: gosnadzor\_sko@mail.ru бойынша немесе e-otinish порталы арқылы шағымдана аласыз.

Екатерина ПАРШИНА,  
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бас маманы – СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

## ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ 2024 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2024 жылы атқарылған қызметінің қорытындысын шығарып, өткен жылы 49 аудиторлық іс-шара өткізілгенін хабарлады.

Соның нәтижесінде жалпы сомасы 36 117,7 млн. теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде 10 202,3 млн. теңге қаржылық, 25 915,4 млн. теңге рәсімдік.

Есепті кезеңде қабылданған шаралар барысында 6 578,7 млн. теңге сомасына бұзушылықтар жойылып, 58 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Департамент Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде көзделген жол берілген бұзушылықтар үшін 639 әкімшілік іс қозғайды, онда 37,7 млн.теңге сомасына айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылды.

Прокуратура органдары маман ретінде тартқан Департамент қызметкерлері 11 қорытынды берді, онда жалпы сомасы 168,8 млн. теңгеге бұзушылықтар анықталды.

2024 жылы мемлекеттік сатып алуы камералдық бақылаумен жалпы сомасы 423 992,7 млн. теңгеге 21 411 рәсім (лот) қамтылды, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 33 103,4 млн. теңге сомаға 2 545 хабарлама жолданды. Есепті күнге 32 164,1 млн. теңге сомасына 2 506 хабарлама орындалды.

Айгүл ШИРАЖИЕВА,  
облыстық ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің басшысы.

## ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Жер қатынастары саласы - мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі.

Ағымдағы күні жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 01 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген, 2023 жылғы 1 тамызда, 2024 жылғы 08 тамызда енгізілген өзгерістермен жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларға сәйкес көрсетіледі.

Жер қатынастары саласында облыстық және аудандық атқарушы органдармен барлығы 13 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1. Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;
2. Бұзылған жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру;
3. Жер учаскелерінің бөлініштігі мен бөлінбейтіндігін анықтау;
4. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
5. Іздестіру жұмыстары үшін жер учаскісін пайдалануға рұқсат беру;
6. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру;
7. Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру;
8. Сауда-саттықты (аукциондарды)өткізуді талап етпейтін, мемлекет жер учаскелеріне құқықтарды сатып алу;
9. Жер учаскесін жеке меншікке біржолғы немесе бөліп-бөліп сату;
10. Жер учаскесін алуға кезекке қою;
11. Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу;
12. Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту;
13. Жер учаскесіне жалдау шартының телнұсқасын беру туралы.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жер қатынастары саласында 2024 жылы 19242 Мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде 15168 қызмет оң көрсетілді, 4074 қызмет көрсетуден бас тартылды.

2023 жылы Мемлекет басшысы жер заңнамасын жетілдіруді және жер учаскелерін беру тәртібінің рәсімдерін оңайлатуды, жер қатынастары саласында қызметтер көрсетуді цифрландыру арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимылын барынша азайтуды, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуды көздейтін заңға қол қойды. Осыған байланысты «қала, Республикалық маңызы бар, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу» мемлекеттік қызметі автоматтандырылды.

Бүгінгі таңда Петропавл қаласында және аудандық маңызы бар 4 қалада: Тайынша қ., Булаев қ., Сергеевка қ., Мамлютқа қ., жер учаскелері өңірлік геортал арқылы беріледі. Жария кадастрлық картада бос жер учаскелерін онлайн тандау мүмкіндігі ұйымдастырылды және өтініштен бастап тіркелу деңгейі қалаларда жер учаскелерін берудің барлық процесі электрондық форматқа ауыстырылды.

Мәселен, жер учаскесіне құқық алуға мүдделі жеке және заңды тұлғалар «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы сұрау салынып жер учаскесіне бөліп беру схемасын жария кадастрлық картада дербес қалыптастыра отырып өтініш береді.

Өтінішке қоса беріледі:  
- жер учаскесін бөлу схемасы;  
- Жер кодексінің 48-бабының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерін беруге байланысты өзге де құжаттар.

Мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті беруші екі кезеңде көрсетеді. Бірінші кезең: сұралып отырған жер учаскесін қала құрылысы құжатына сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша беру мүмкіндігін (мүмкін еместігін) айқындау – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

Екінші кезең: көрсетілетін қызметті алушы жер учаскесін бөлу схемасын келіскен кезде, жер учаскесін бөлу схемасын қоса беру отырып, жер учаскесіне құқық беру туралы көрсетілетін қызметті берушінің шешімін қабылдау; жер учаскесін сатып алу-сату немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу – 6 (алты) жұмыс күні ішінде.

Сондай-ақ, 2024 жылғы қосымша мемлекеттік қызмет пайда болды:  
- «Жер учаскесіне жалдау шартының телнұсқасын беру туралы» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 2 жұмыс күніне дейін. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі жер учаскесіне жалдау шартының телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Гүлжан ТӘЖІБАЕВА,  
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ҚММ жерді есепке алу, жер учаскелерін беру және алып қою бөлімінің бас маманы.

## АВАРИЯЛЫҚ БРОНЫ БАР ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ-сі (бұдан әрі – Департамент) авариялық бронь бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) сақтау қажеттілігі туралы еске салады.

Қағидаларға сәйкес, үздіксіз энергиямен жабдықтау объектілері (бұдан әрі – ҰЗО) - оларды ажыратып тастау адамдардың өліміне, тіршілік қамтамасыз ету объектілері жұмысының бұзылуына, апаттық экологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық зардаптарға алапын соғуы мүмкін, технологиялық себептеріне байланысты үздіксіз энергиямен жабдықтауды қажет ететін жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық инфрақұрылым объектілері.

Авариялық броньның шамасы белгіленетін ҰЗО тізбесіне мыналар кіреді:


- 1) мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін объектілер;
- 2) теле-радиокommunikациялар;
- 3) сумен жабдықтау, көріз және жылумен жабдықтау кәсіпорындары;
- 4) емдеу мекемелері;
- 5) олардың ұсталуы бюджетте көзделген өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін объектілер;
- 6) титан және магний электролизі тәсілімен үздіксіз өндіретін металлургиялық кәсіпорындардың объектілері;
- 7) әуе қозғалысына қызмет көрсетуді

қамтамасыз ететін аэронавигациялық ұйым объектілері;

8) құс фабрикаларының объектілері.  
ҰЗО тізбесіне қосу шарты объектінің сыртқы электрмен жабдықтау схемасы сенімділік дәрежесі бойынша электрмен жабдықтауы электр қондырғыларын орнату қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келуі болып табылады.

Жоғарыда айтылғанға байланысты, Департамент барлық ҰЗО объектілеріне объектінің сыртқы электрмен жабдықтау схемасын сенімділік дәрежесі бойынша электрмен жабдықтауына сәйкестендірудіңді ұсынады, егер ол сәйкес болмаған жағдайда. Сонымен қатар, энергиямен жабдықтаудың авариялық және технологиялық бронь актісін жасау жөніндегі Нұсқаулықпен сәйкес, энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарымен бірге авариялық броньның актісін жасау керек.

Николай БОРЗИЛОВ,  
ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы.



Дүйсенбі, 17 ақпан	Сейсенбі, 18 ақпан	Сәрсенбі, 19 ақпан	Бейсенбі, 20 ақпан	Жұма, 21 ақпан	Сенбі, 22 ақпан	Жексенбі, 23 ақпан
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д/Ф. 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.40 ТАТУ -ТӨТТІ. 13.45 TED. 14.10 АПТА. 15.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 01.00 САНА. 04.05 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДПЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 АҚОРДА. 14.25 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 14.45 ДАЛА ДӨМІ. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.50 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДПЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 ҚОС ПАЛАТА. 14.30 ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.50 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДПЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.30 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.50 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДПЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10, 03.30 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 14.45 АРНАЙЫ ЖОБА. 15.00 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.15 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.45 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.05 «САНА». 04.00 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 00.50 АҚПАРАТ. 07.00, 02.35 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 10.00, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.00 М/Ф. 13.35, 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 14.50 КОНЦЕРТ. 16.00 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 17.20, 01.10 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.30 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 21.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 22.20 «КРУЭЛЛА» Х/Ф. 01.50 Д/Ф. 03.35 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.50 АУЫЛДАСТАР. 06.35, 01.35 Д/Ф. 07.25 АҚПАРАТ. 07.45 КОНЦЕРТ. 09.00 АҚСАУЫТ. 09.25, 02.20 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.00, 14.15 «КРУЭЛЛА» Х/Ф. 14.30 БҮРКІТ ПЕН АШАҢНЫ ӨН КЕШІ. 15.35 М/Ф. 17.10 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 19.00, 00.30 АПТА. 20.50, 01.20 АҚОРДА. 21.00 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 22.20 «ПАРАЛИМПИАДАШЫ» Х/Ф. 02.50 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 17 ақпан	Сейсенбі, 18 ақпан	Сәрсенбі, 19 ақпан	Бейсенбі, 20 ақпан	Жұма, 21 ақпан	Сенбі, 22 ақпан	Жексенбі, 23 ақпан
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 PRESIDENT. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ӘЛЕУМЕТ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 БЗДІҢ НАЗАРДА. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ТАЛҚЫ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 НЕОСЕТЬ. 12.15 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ТАЛҚЫ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 07.00 «ҚУРАҚ КӨРПЕ» Х/Ф. 09.00 ПРЕЗИДЕНТТІК РЕЗЕРВ. 09.30 КУЛЬТУРНИЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «КОРГИ ПО ИМЕНИ МОКО. ЗАЩИТНИКИ ПЛАНЕТЫ». 12.00, 21.45 «ВЫЗОВ» Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 АСЫЛ ДОМБЫРА. 16.45 ТАМАША. 17.30 «БАТЫР ИЗ ПРОШЛОГО» Х/Ф. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 23.45 ОЙНАҚ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 07.00 «ҚОЗЫ КӨРПЕШ - БЯН СУЛУ» Х/Ф. 09.15 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.45 М/Ф. 10.45 М/Ф «ПРИКЛЮЧЕНИЯ АРГОНАВТОВ». 12.00, 23.15 «ГОРОД ЛЖИ» Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 15.30 ОЙНАҚ. 16.45 ТАМАША. 18.00 «БОЛЬШЕ, ЧЕМ ЛЮБОВЬ» Х/Ф. 19.30 «БАТЫР ИЗ ПРОШЛОГО» Х/Ф. 21.00 7 КҮН. 21.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 17 ақпан	Сейсенбі, 18 ақпан	Сәрсенбі, 19 ақпан	Бейсенбі, 20 ақпан	Жұма, 21 ақпан	Сенбі, 22 ақпан	Жексенбі, 23 ақпан
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 01.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 Т/С «ОПЕКУН». 14.00, 01.25 НОВОСТИ. 14.15, 01.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ЧУЖОЙ СРЕДИ ЧУЖИХ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.05 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 01.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.25 НОВОСТИ. 14.15, 01.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ЧУЖОЙ СРЕДИ ЧУЖИХ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.05 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 01.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.25 НОВОСТИ. 14.15, 01.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ЧУЖОЙ СРЕДИ ЧУЖИХ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.05 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 01.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.25 НОВОСТИ. 14.15, 01.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ЧУЖОЙ СРЕДИ ЧУЖИХ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.05 ТОЙ БАЗАР.	06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 «АНАТОМИЯ СЕРДЦА» Х/Ф. 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «НЕВСКИЙ. ЧУЖОЙ СРЕДИ ЧУЖИХ». 02.20 «П@УТИНА». 03.30 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 04.10 ТОЙ БАЗАР. 07.35, 02.25 «П@УТИНА». 09.00 ҚАЙМАҚ 09.35 «БИТВЫ БОЖЬИХ КОРОВОК» Х/Ф. 13.30 «ТЕМНЫЕ ЛАБИРИН- ТЫ ПРОШЛОГО» Х/Ф. 17.20 ТРИ АККОРДА. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМ МЕН ЕЛ. 20.55 «Я РЯДОМ» Х/Ф. 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 ТОЙ БАЗАР. 08.00, 02.05 «П@УТИНА». 08.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 «МАРУСА ФОРЕВА» Х/Ф. 10.25 Т/С «ТАКСИ ДЛЯ АНГЕЛА» Х/Ф. 14.40 «Я РЯДОМ» Х/Ф. 18.10 «НЕ» ИДЕАЛЬНЫЙ МУЖЧИНА» Х/Ф. 20.45 Т/С «ТРИ ДНЯ ЛЕЙТЕНАНТ КРАВЦОВА». 00.20 «ФАНТАСТИКА. СЛЕДУЮЩИЙ УРОВЕНЬ».

Ар-намыс, махаббат болмаған жерде адамшылық тура ма? Бул сұрақтардың болуы үшін адам баласы азат, тәрбиелі болуға тиіс.  
Міржақып ДУЛАТҰЛЫ.



КЕКУШИНКАЙ КАРАТЭ

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРДЕН ЕКІ ҚОЛА МЕДАЛЬМЕН ОРАЛДЫ



8 ақпан күні Павлодар қаласында Кекушинкай каратэден «Ертіс Арланы» атты республикалық турнирі өтіп, дәстүрлі жарысқа елдің 6 өңірінен 650 спортшы қатысты.

Каратэшілер 5 татамиде өнер көрсетіп, өздерінің жауынгерлік қасиеттерін паш етті. Біздің облыстың атынан 28 спортшы бақ сынаса, оның 5-і Мағжан Жұмабаев ауданынан: Әнуаров Әмір (Достық ауылы), Стациона Вероника (Пролетарка ауылы), Дроздов Владислав, Ерлік Мақсат, Аренов Шыңғыс (Барлығы - Булаев қаласы).

Тартысты өткен жарыстың қорытындысы бойынша Батыр Баян атындағы мектеп-

гимназиясының оқушылары Ерлік Мақсат пен Аренов Шыңғыс қола жүлдегерлер атанды.

Мағжандық жас спортшылардың дамуы мен республика деңгейінде өнер көрсетуіне қолдау жасағаны үшін «Бүкілқазақстандық Кекушинкай каратэ ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі СҚОФ директоры, Шихан В.Н. Витченкоға, көп уақыт бойы шыдамдылық танытып, балалардың жан-жақты болуына атсалысып келе жатқан барша ата-аналарға зор алғыс білдіреміз.

**Айнагүл БАУЭНОВА,**  
Мағжан Жұмабаев ауданындағы Кекушинкай Каратэ бөлімшесінің басшысы.

## 12 АЙ ІШІНДЕ «БЖЗҚ» АҚ ЖАС ОТАНДАСТАРЫМЫЗҒА 6,30 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫН АУДАРДЫ

2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы іске қосылған 12 ай ішінде «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) шамамен 6,30 млн АҚШ долларына 62 697 өтініш орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 3,63 млн астам АҚШ долларына 36 119 өтініш, білім алу ақысын төлеу үшін шамамен 2,67 млн АҚШ долларына 26 578 өтініш орындалды.

Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, ақшаны пайдаланылмаған қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қала береді.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (шамамен 3,53 млн АҚШ долларына 35 113 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – шамамен 30,27 мың АҚШ долларына 304 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – шамамен 29,60 мың АҚШ долларына 295 өтініш.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (2,25 млн АҚШ долларына 22 435 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (314,86 мыңға жуық АҚШ долларына 3 133 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (88,47 мың АҚШ долларына 880 өтініш орындалды).

Естеріңізге сала кетейік, биыл өліміздің азаматы болып есептелетін барлық балаларға екіші рет Қазақстан Ұлттық қорынан қаражат есептеледі.

«Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына қатысушылардың жалпы саны (2024 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша) - 6 921 035 бала. Оның ішінде 324 430 қатысушы 2025 жылы 18 жасқа толады. Есепті жылы барлық



Ұлттық қор - балаларға

балаларға бірдей сома есептеліп, оның бір балаға шаққандағы мөлшері - 129 АҚШ доллары 38 цент.

2024 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға, 2006 жылы туған балаларды қоспағанда, ағымдағы жылы 3,04 АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялық кіріс есептелді. Нәтижесінде бағдарламаға 2 жыл қатарынан қатысқан баланың нысаналы талаптары/нысаналы жинақтары 232 АҚШ доллары 94 центіне жетті.

Нысаналы талаптарға қатысушылар мен нысаналы жинақтарды алушылардың саны, сондай-ақ, нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады.

kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен, қажетті нұсқаулықтармен танысып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап ала аласыз. Сондай-ақ, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала көмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы білім нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q280M> сілтемесі бойынша көруге болады.

**Марина САРАПИКА,**  
«БЖЗҚ» АҚ СҚОФ барып қызмет көрсету бөлімінің бас маманы.

САҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## АУДАН ПРОКУРАТУРАСЫ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ



Оны қарау нәтижелері бойынша кінәлі адам белгіленген жауапкершілікке тартылды (құрылтайшылардың хаттамалық шешімі ЖШС директоры қызметінен босатылды).

Облыстың табиғи монополияларды реттеу департаменті ағымдағы жылдың 22 қаңтарында «Булаев су» ЖШС тарту желілері бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифі мен тарифтік сметасын бекіту туралы №3-НҚ бұйрық шығарды, онда кәсіпкерлер үшін судың құны 1 м3 үшін 1079,22 теңгеден 1 109,23 теңгеге дейін төмендетілді.

Тұтынушыларға қаражатты өтеу төмендетілген тарифті қолдану арқылы жүзеге асырылатын болады.

Нәтижесінде қабылданған қадағалау шараларымен аудан кәсіпкерлерінің құқықтары қорғалды.

Бір мезгілде барлық бизнес субъектілеріне олардың құқықтары мен мүдделері бузылған жағдайда, олар аудан прокуратурасының қызметкерлерімен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі мобильді топ, байланыс телефоны 8(71531) 2-19-71 арқылы тікелей байланыса алатынын еске саламыз.

**Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.**

«Булаев су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарифтерді қалыптастыру қағидаларының талаптарын бұза отырып, 2019 жылдан бастап кәсіпкерлерден 1 109,23 теңге (1 м3 үшін) мөлшерінде бюджеттік ұйымдар ретінде тұтынылған сумен жабдықтау үшін негізсіз ақы алды, ал соңғылары тұтынушылардың екінші тобына (бірінші және үшінші топтардың құрамына кірмейтін заңды тұлғалар) жатқызылды). Қадағалау органы бұл мәселені заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізе отырып зерттеді.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

## АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ



Өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін eGov mobile мобильді қолбандасы арқылы «Банктік қарыздар мен шағын несиелерді алудан ерікті түрде бас тарту» қызметіне қосылуыңызға болады.

Сізге қатысты алаяқтық жасалған жағдайда шұғыл түрде 102 телефонына хабарласыңыз.

<p>Директор - бас редактор <b>Неш ГОНЧАР</b></p> <p>Газеттің мәмлiк нeсi: «Газета «Вести» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жады: 150800 Сәтгүтік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспаының нiсбeтi: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magzhan Zhuldyzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Истронал к., Комухон к-сі, 5 үй). Тарапалымы - 700</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәсiлiсаттың тарапалысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуі рeсми басылым болып танылады.</p>
---	---	--	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәніне айналады, ресмиленбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.